

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз

InSightHD M115E

InSightHD M115G



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	3
	Қауіпсіздік	3
	Сәйкестік	4
	Қоршаған ортаны күту	4
	Ескерту	5
	Жазбаша ұсыныс	6
2	Жаңа мониториңыз	7
	Жалпы шолу	7
	Штативке орнату	8
3	Орнату	9
	Мониторды реттеу	9
	Мониторларды басқару	11
	Монитор қосу	11
	Мониторды бөлісу	12
	Мониторды жою	13
	Мониторды қайта атау	14
	Басқа есептік жазбаға ауысу	14
	Ағымдағы есептік жазбадан шығу	14
	Қалпына келтіру	15
4	Пайдалану	17
	Желілік қосылымды тексеру	17

Нақты уақыттағы бейнені көру	18
InSightHD қолданбасын пайдалану	18
Веб-браузерді пайдалану	21
Хабарландырулар орнату	21
Хабарландыруларды көру	22
5 Жаңартуларды тексеру	25
Монитордың микробағдарлама жаңартуларын тексеру	25
Мониторды онлайн жаңарту	25
Қолданба жаңартуларын тексеру	26
6 Техникалық мәліметтер	27
7 Кепілдік	29

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Қауіпсіздік

Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз. Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.

Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.

Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

Өнімде Wi-Fi байланысын электромагниттік немесе басқа кедергілер үзуі мүмкін. Бұл жағдайда Wi-Fi байланысы кедергі жойылғасын, үш минуттан кейін жалғасады да, жүйе қалыпты жұмысына оралады.


Өнімге жасалған модификация зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.
- Бұл өнімнің ешбір бөлігін майлауға болмайды.
- Өнімді басқа электр құрылғыларының үстіне қоюға тыйым салынған.
- Бұл өнімді күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Өнімді қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.

Сәйкестік



Бұл өнім 1999/5/EC нұсқауының талабына сай.

Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуға болады.

Қоршаған ортаны күту

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.) Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Ескірген өнімді тастау



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдардың қалдықтарын жинау жөніндегі жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдарды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін зиянды әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

Ескерту

Жауапкершіліктен бас тарту

- Қашықтағы Wi-Fi желісінде немесе 3G байланысында болсаңыз, бейне мен аудио смартфонға берілгенде 10-15 секундқа кешігуі мүмкін. iVideon Inc. ұсынған **Philips InSightHD** қолданбасын пайдалану қаупін өз мойныңызға аласыз. Gibson Innovations және оның бөлімшелері (жеке және бірге Gibson Innovations») осындай **Philips InSightHD** қолданбасының жұмысы үшін немесе оны пайдаланғаныңыз үшін жауапты емес және Gibson Innovations осыған қатысты да сіз үшін жауапты болмайды.
- Бұл үй монитормен көмекші құрал ретінде жасалған. Ол үй қауіпсіздігін бақылауды алмастырмайды және оны осы мақсат үшін пайдалануға болмайды.

* Сымсыз және Ethernet LAN функцияларын тек ғимарат ішінде пайдалануға рұқсат берілген.

Жазбаша ұсыныс


Gibson Innovations компаниясы осы құжатпен авторлық құқықтармен қорғалған берілген өнімде пайдаланылатын ашық бастапқы бағдарламалар пакеттеріне тиесілі толық ресурстық кодтың көшірмесін сұрау бойынша ұсынады. Бұл ұсыныс тиісті лицензиялармен сұралады.

Бұл ұсыныс бұйымды сатып алғаннан кейін үш жылға дейін жарамды. Бастапқы код алу үшін open.source@philips.com мекенжайын хабарласыңыз. Егер электрондық поштаны пайдаланбауды жөн көрсеңіз немесе осы электрондық пошта мекенжайына хабар жібергеннен кейін растау хабарын алмасаңыз, мына мекенжайға жазыңыз: Open Source Team, Gibson Innovations Limited, 5/F, Philips Electronics Building, 5 Science Park East Avenue, Hong Kong Science Park, Shatin, New Territories, Hong Kong. Егер хатыңыздың расталғаны туралы хабарды уақытылы алмасаңыз, жоғарыдағы электрондық пошта мекенжайына электрондық хат жіберіңіз.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және Koninklijke Philips N.V. лицензиясына сәйкес пайдаланылады. Gibson Innovations кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген өнімдерді тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.


2 Жаңа мониториңыз

Жалпы шолу



- ① **USB қосқышы**
 - қамтамасыз етілген AC/DC қуат адаптерін USB кабелі арқылы жалғауға арналған
- ② **Күй көрсеткіші**
- ③ **Микрофон**
- ④ **Камераның объективі**
- ⑤ **RESET**
 - Қағаз қыстырғыш үшін пайдаланып, тесікті басыңыз (ақылдасу 'Қалпына келтіру' бет 15).

Штативке орнату




Қажет болса, мониторды штативке (жинаққа кірмейді) орнатуға болады.

3 Орнату

Мониторды реттеу


Philips InSightHD қолданбасымен үйді мобильді құрылғы арқылы көруге және тыңдауға болады.

- 1 Ең жақсы қосылымды қамтамасыз ету үшін мониторды сымсыз маршрутизаторға барынша жақын орналастырыңыз.



- 2 Philips InSightHD қолданбасын жүктеңіз және орнатыңыз.

- ① Есептік жазбаны жасаңыз.
- ② Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



QR кодын сканерлеу кезінде мобильді құрылғыны қозғалыссыз ұстаңыз.

- 3** Реттеу және қосылым күйі туралы ақпарат алу үшін күй индикаторын қараңыз:

Индикатор	Монитордың күйі
Сап-сары	Қуатты қосу және жүйені іске қосу

Баяу жыпылықтайтын сары түс	Wi-Fi және QR коды арқылы реттеуге дайын
Жылдам жыпылықтайтын жасыл түс	Philips InSightHD қолданбасы QR кодын алды
Жап-жасыл	Philips InSightHD қолданбасы арқылы сәтті қосылым


- ➔ Сәтті қосылудан кейін мониторды **Philips InSightHD** қолданбасындағы есептік жазбаңызда тіркейсіз.

Мониторларды басқару

Philips InSightHD қолданбасында, есептік жазбаға мониторларды қосуға немесе одан жоюға, әрі мониторларды отбасымен немесе достармен бөлісуге болады.

Монитор қосу

- 1 Негізгі экранда + тармағын түртіңіз.




- 2 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз (ақылдасу 'Мониторды реттеу' бет 9).



- Мониторға **Philips InSightHD** қолданбасы қолдау көрсететінін тексеріңіз

Мониторды бөлісу

- 1 Ойнату экранына өтіңіз (ақылдасу 'InSightHD қолданбасын пайдалану' бет 18).
- 2 **:** / **⚙** пәрменін түртіп **👤** опциясын таңдаңыз.
- 3 Қосу пәрменін түртіңіз.




- 4 Электрондық поштаны енгізу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 - ↳ Алушыға шақыру жіберіледі.
 - ↳ Пайдаланушы болу үшін алушы экрандағы нұсқауларды орындау арқылы есептік жазба жасауы керек.

Мониторды бөлісуді тоқтату


Мониторды пайдаланушымен бөлісуді тоқтату үшін пайдаланушыны жойыңыз.

- **👤** ішінде пайдаланушыны таңдаңыз, одан кейін **🗑** опциясын түртіңіз.



Мониторды жою

- Ойнату экранына өтіңіз (ақылдасу 'InSightHD қолданбасын пайдалану' бет 18). ⋮ / ⚙ пәрменін түртіп 🗑 опциясын таңдаңыз.




Кеңес

- Басқа есептік жазбаға ауысқанда мониторды есептік жазбадан жойыңыз.

Мониторды қайта атау

- Ойнату экранына өтіңіз (ақылдасу 'InSightHD қолданбасын пайдалану' бет 18). ⋮ / ⚙ пәрменін түртіп ✎ опциясын таңдаңыз.




Басқа есептік жазбаға ауысу

- 1 Мониторларды ағымдағы есептік жазбадан жойыңыз (ақылдасу 'Мониторды жою' бет 13).
- 2 Мобильді құрылғыда **Philips InSightHD** қолданбасын іске қосыңыз. Жаңа есептік жазбаға кіріңіз.
- 3 Мониторларды қосыңыз (ақылдасу 'Монитор қосу' бет 11).

Ағымдағы есептік жазбадан шығу

Басқа есептік жазбаға кіру үшін ағымдағы есептік жазбадан шығу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Негізгі экранда ≡ пәрменін түртіп ➡ опциясын таңдаңыз.




Қалпына келтіру

Wi-Fi қосылымын мына жағдайда қалпына келтіріңіз:

- мониторда Wi-Fi қосылым мәселелері болса.

Индикатор	Монитордың күйі
Баяу жыпылықтайтын сары түс	Жергілікті Wi-Fi қосылымы жоғалды

- Қағаз қыстырғыштың ұшын пайдалана отырып **RESET** саңылауын қысқа уақыт бойы басыңыз, одан кейін жіберіңіз.
 - ↳ Күй индикаторы тұрақты сары түспен жанады.
 - ↳ Күй индикаторы сары түспен баяу жыпылықтаса, экрандағы параметрлерді орнату қадамдарын орындаңыз (ақылдасу 'Мониторды реттеу' бет 9).
 - ↳ Күй индикаторы тұрақты жасыл түске боялса, қосылу сәтті орындалды.




4 Пайдалану

Желілік қосылымды тексеру

Philips InSightHD қолданбасы арқылы сәтті қосылудан кейін монитор сізге жергілікті Wi-Fi желісі арқылы мобильді құрылғыда және мобильді желі арқылы қашықтан үйді көруге немесе тыңдауға мүмкіндік береді.

- Мониторда күй индикаторы тұрақты жасыл екенін тексеріңіз.



Егер күй индикаторы келесі күйлерде болса, мониторда қосылым мәселелерін тексеріңіз:

Күй көрсеткіші

Баяу жыпылықтайтын сары түс

Мәселелер

Жергілікті Wi-Fi желісіне қосылым мәселелері

Шешімі

Wi-Fi қосылымын қалпына келтіру (ақылдасу 'Қалпына келтіру' бет 15)




Кеңес

- Жаңа сымсыз маршрутизаторға ауыссаңыз, мониторды жаңа маршрутизаторға қосу үшін бастау шеберлерінің 1 - 3 қадамдарын орындаңыз (ақылдасу 'Монитор қосу' бет 11).

Күй көрсеткіші	Баяу жыпылықтайтын жасыл түс
Мәселелер	Интернет қосылымы мәселелері
Шешімі	Монитор қосылған желінің интернет қосылымын тексеріңіз.

- Мобильді құрылғыда **Philips InSightHD** қолданбасын онлайн/оффлайн анықтау арқылы желілік қосылымды тексеріңіз.




Егер монитор мобильді құрылғыда оффлайн күйде болып көрсетілсе, мобильді құрылғы қосылған желінің интернет қосылымын тексеріңіз.

Нақты уақыттағы бейнені көру


InSightHD қолданбасын пайдалану

- Негізгі экранда нақты уақыттағы бейнені көру үшін сурет нобайын түртіңіз.



↪ Ойнату экранына өтіңіз.

- 2 Нақты уақыттағы бейнені ойнату экранында бейнені ойнатуды кідірту және жалғастыру үшін бейнені түртіңіз.




- 3 Экрандарда опцияларды таңдау үшін белгішелерді түртіңіз:
- + : Philips InSightHD қолданбасында ағымдағы есептік жазбаға қосымша мониторлар қосу.
 - ≡ : опциялар мәзіріне өту.
 - ⋮ / ⚙ : ағымдағы монитор үшін параметр опцияларын таңдау.
 - 🔍 : хабарландыруларды тексеру.

 : ағымдағы көріністің лездік суреттерін түсіру.

Бейне сапасын таңдау


Нашар желі ортасында бейне ағынын жүктеу өнімділігін жақсарту үшін бейне сапасын таңдаңыз.

1 Негізгі экранда  тармағын түртіңіз.



2  >  тармағын таңдаңыз.

- **Авто:** монитор бейне ағынын жүктеу үшін ең жақсы параметрді анықтайды.
- **Төмен/Орташа/Жоғары:** ағымдағы интернет қосылымына сай бейне сапасын таңдау.



Веб-браузерді пайдалану


Нақты уақыттағы бейнені көру үшін <http://insight.ivideon.com> бетіне өтіңіз. Есептік жазбаға **Philips InSightHD** тармағында кіріңіз.

Хабарландырулар орнату

Қозғалыс және дыбыстық хабарландырулар сізге үйдегі өзгерістер туралы хабарлап тұрады. Қажет сезімталдық деңгейін таңдаңыз.


- 1 Хабарландырулар орнату үшін монитор онлайн екенін тексеріңіз (ақылдасу 'Желілік қосылымды тексеру' бет 17).
 - ➔ Монитор онлайн болса, хабарландырулардың опцияларын таңдай аласыз.
- 2 Ойнату экранында **:** / **⚙** түймесін басыңыз.
- 3 Қозғалысты анықтау немесе дыбысты анықтау мақсатында опциялар мәзіріне өту үшін **⏏** немесе **⏮** опциясын түртіңіз:
 - ① Қосу немесе өшіру үшін жүгірткіні сүйреңіз.
 - ② Қажет сезімталдық деңгейін таңдаңыз.

- ③ Қозғалысты анықтау үшін анықтау аумағын таңдау мақсатында жақтау бұрыштарын сүйреңіз.





Хабарландыруларды көру

- Қозғалысты немесе дыбысты анықтау іске қосатын оқиғалар үшін мобильді құрылғыда push хабарландыруларын алуға болады.
- Оқиғалар тізімін тексеру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз: Негізгі экранда ≡ > 🐾 тармағын түртіңіз.



- ↳ Оқиғалар тізімін барлық мониторларда тексеруге болады.
Я болмаса, ойнату экранында 🚩 тармағын түртіңіз.






- ↳ Оқиғалар тізімін ағымдағы мониторда тексеруге болады.

Хабарландыруларды жазылым арқылы көру

Қызметтерге жазылу арқылы қозғалысты немесе дыбысты анықтау іске қосқан оқиғалар үшін бұлт қоймасына бейнелерді жаза аласыз.

- 1 Ойнату экранында ⋮ / ⚙ пәрменін түртіп ☁ опциясын таңдаңыз.



2 Қажет жазылым опциясын таңдаңыз.


5 Жаңартуларды тексеру

Монитордың микробағдарлама жаңартуларын тексеру


- Ойнату экранына өтіңіз (ақылдасу 'InSightHD қолданбасын пайдалану' бет 18). ⋮ / ⚙ > 📶 тармағын түртіңіз.

Мониторды онлайн жаңарту

- 1 Мобильді құрылғыны Wi-Fi желісіне қосыңыз.



- 2 Ойнату экранына өтіңіз (ақылдасу 'InSightHD қолданбасын пайдалану' бет 18). ⋮ / ⚙ > 📶 тармағын түртіңіз.



3 Жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қолданба жаңартуларын тексеру

Philips InSightHD қолданбасының жаңартулары үшін мобильді құрылғыда хабарлар ала аласыз. Жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

6 Техникалық мәліметтер

Электр қуаты

- Айнымалы ток адаптері
Үлгі: ASUC30a-050060 (a = e, b, a, c, i, f, g)
USB шығыс ұяшығы және басқа ел аша түрі (e = ЕО ашасы, b= ҚК ашасы, a = АҚШ ашасы, c = Австралия ашасы, i = Қытай ашасы, f = корей ашасы, g = жапондық аша) бар тікелей розеткаға қосылатын қуат адаптері
Кіріс: айнымалы ток 100-240 В~ 50/60 Гц, 0,3 А
Шығыс: 5 В ТТ, 0,6 А

Температура және ылғалдылық

- Жұмыс температурасы және ылғалдылығы**
0°C - 40°C, 30% - 80%

Байланыс мүмкіндігі

Wi-Fi 802.11 b/g/n, 2,4 ГГц

Қолданбалар

Платформа: iOS 7 немесе одан кейінгі (iPhone 4S, iPhone 5, iPhone 5C, iPhone 5S, iPhone 6, iPhone 6 Plus, iPad 3-буынын, iPad 4-буынын, iPad Air, iPad Air 2, iPod touch 5-буынын қоса), Android 4.1 немесе одан кейінгі

Объектив

- Фокус режимі**
Бекітілген
- Апертура**
 $f2.6 \pm 5\%$
- Көру бұрышы (диагональ)**
 $58 \pm 5\%$ градус
- Фокус ауқымы**
0,6 м шексіз

Бейне

- Шешім**
Wi-Fi арқылы жіберу: 720p (жоғары айқындылық)
- Бейне пішін**
H, 264

Дыбыс

- Кіріс**
Сезімталдығы жоғары моно микрофон

- **Дыбыс форматы**
AAC

7 Кепілдік

Өнім туралы кепілдік ақпаратын алу үшін, www.philips.com/support сайтына кіріңіз.



2015 © Gibson Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл өнімді Gibson Innovations Ltd. жасап шығарған және ол соның жауапкершілігімен сатылады. Gibson Innovations Ltd. осы өнімге кепілдік береді.

Philips және Philips Shield Emblem - Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. және Koninklijke Philips N.V. лицензиясына сәйкес пайдаланылады.

